

MT 710

IB MT 710 RU-V9 4323, Revision Date: 2023-11-21



Термометрдің сипаты

- 1** ҚОСУ/ӨШІРУ батырмасы
- 2** Дисплей
- 3** Батарея тұратын жердің қақпағы
- 4** Өлшеу датчигі / Өлшеуіш ұштық
- 5** Тазалау және дезинфекциялау (термометрдің бүкіл бетін)

Қауіпсіздік бойынша маңызды нұсқаулар

- Қолдану жөніндегі нұсқаулығымен сәйкес орындаңыз. Бұл құжатта осы құрылғыға қатысты оның жұмысы және өнімнің қауіпсіздігі жайлы маңызды мәліметтер бар. Қолдануды бастамас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз, және оны одан әрі пайдалану үшін.
- Құрал адам денесінің температурасын ауызда, тік ішек немесе қолтыққа салу тәсілімен ғана өлшеуге арналған. Температураны басқа жерде, мысалы, құлақта өлшеуге тырыспаңыз, бұл қате көрсеткіштерді тудырады және жарақат келтіруі мүмкін.
- Егер өнімді зақымдалған деп ойласаңыз немесе әдеттен тыс нәрсені байқасаңыз оны пайдаланбаңыз.
- Бірінші рет қолданар алдында құралды нұсқауларға сәйкес тазалауды ұсынамыз.
- Міндетті түрде дыбыстық сигнал естілгенге дейін өлшеу керек! Термометрдің дыбыстық сигналы өлшеудің аяқталуын білдірмейді, өлшеу әдісіне байланысты өлшеуді тағы 1-5 минут жалғастыру керек, «Өлшеу тәсілдері / Қалыпты дене температурасы» бөлімін қараңыз.
- Тік ішек аурулары бар адамдарда тік ішекті өлшеу жасауға тырыспаңыз. Бұл бар бұзылуларды күшейтеуі мүмкін.
- Балалардың құралды қараусыз пайдалана алмайтындығына көз жеткізіңіз, себебі оның кейбір кішкене бөліктерін жұтып қоюлары мүмкін.
- Құралды ұялы телефондар немесе радиолар сияқты күшті электр-магниттік өріс көздерінің жанында пайдаланбаңыз. Құралды пайдалану кезінде мұндай өрістердің көздерінен ең аз қашықтық 3,3 м болуы керек.
- Құралға күш түсіруге немесе оны құлатуға болмайды!
- Термометрдің датчигін 45°-тан артық майыстырмаңыз!
- Қоршаған орта температурасы 60 °C-тан аспауы керек. Құралды қайнатуға БОЛМАЙДЫ!
- Құралды тазалағанда зақым келтіріп алмау үшін оны тек «Тазалау және дезинфекциялау» бөлімінде тізімделген дезинфекциялау құралдарымен тазалаңыз.
- Бұл құралдың дәлдігін екі жыл сайын немесе механикалық соққыдан кейін (мысалы, құлағаннан кейін) тексеруді ұсынамыз. Сынақты ұйымдастыру үшін жергілікті Microlife қызметіне хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ: Бұл құрылғы көрсеткен нәтиже диагноз ретінде қарастырылмауы керек! Өлшем нәтижесіне ғана сенім артуға болмайды.

Батареяларды және электронды құралдарды қабылданған нормаларға сәйкес жоюыңыз және турмыс қалдықтарымен бірге лақтырмаңыз.

Құралды қолданар алдында аталған нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

	
	
	
	BF қорғаныс класы
	Сәйкестік белгісі
	Өлшеу құралдарының түрін бекіту белгісі
	Это уже есть на Казахском: Өнімнің Көдендік Одаққа мүше мемлекеттер нарығында айналымының бірінғай таңбасы
	Сериялық нөмірі(AA-ЖОК-СССССапта-жыл-сериялық нөмірі)
	Каталог бойынша нөмірі
	Өндіруші
	Қолдану температурасының шектеуі 10 - 40 °C
	Сақтау температурасының шектеу 25 - +60 °C
	CE сәйкестік белгісі

Термометрді қосу

Термометрді қосу үшін Қосу/Өшіру батырмасын ¹ басыңыз; Ұзақ дыбыстық сигнал «термометр қосулы» дегенді білдіреді. Дисплей тесті орындалады. Құралдың дұрыс жұмыс істеп тұрғанын растау үшін дисплейде таңбалар жинағы пайда болады.

Осыдан кейін дисплейде «-- →» жыпылықтайтын белгі пайда болады «°C» ². Термометр пайдалануға дайын.

Функционалдық тексеру


Термометр қосылған сайын, оның қаншалықты дұрыс істеп тұрғандығы автоматты түрде тексеріледі. Қандай да бір ақаулық анықталса, дисплейде **«ERR»** деген жазу пайда болады және өлшеу мүмкін болмайды. Ондай жағдайда, термометрді ауыстыру керек.

Термометрды пайдалану

Қалаған өлшеу тәсілін таңдаңыз. Өлшеу кезінде нақты температура үздіксіз көрсетіледі. Осы уақыт ішінде «°C» белгісі жыпылықтайды. Егер дыбыстық сигнал шықса және «°C» белгісі жыпылықтауды тоқтатса, бұл температураны өлшеу жылдамдығының баяулағанын білдіреді (5 секунд ішінде температура 0,1 ° C өзгерген жоқ).

Батарея қуаты ұзаққа жетуі үшін, Қосу/Сөндіру түймесін ¹ басып қалу арқылы термометрді өшіріп қойыңыз. Өйтпесе, термометр 10 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

microlife®



Соңғы өлшемді қарау

Термометр қосылған кезде соңғы өлшем **«М»** әрпімен белгіленеді және жадыда сақталады.

Өлшеу тәсілдері / Қалыпты дене температурасы

► **Қолтықта (шамамен) / 34,7 - 37,3 °C**
Қолтық аймағын құрғақ сүлгімен сүртіңіз. Өлшеу датчигін суретте ⁴ қолтық астының ортасына ұшы теріге тиетіндей етіп қойыңыз және науқастың қолын науқастың денесіне жақын басыңыз. Бұл бөлмедегі ауаның өлшеуге кедергі жасамауын қамтамасыз етеді. Бұл тәсілмен температураны өлшеу тұрақты температураға жету үшін ұзағырақ уақыт алатындықтан, дыбыстық сигналға қарамастан, **көм дегенде 3 - 5 минут** күтіңіз.

► **Ауыз қуысында (ауызда) / 35,5 - 37,5 °C**
Өлшеуден 10 минут бұрын ыстық немесе салқын ештеңе жеуге немесе ішуге болмайды. Өлшеуді бастамас бұрын аузыңызды 2 минут жабық ұстаңыз. Термометрді тілдің астындағы екі қалтаның біріне, яғни тілдің сол жақ немесе оң жақ түбіріне орналастырыңыз. Өлшеу датчигі ⁴ тінге толығымен тиіп тұруы керек. Өлшенетін температура тыныс алғандағы/шығарғандағы ауа әсерінен өзгеріске ұшырамауы үшін ауызыңызды жауып, мұрныңызбен бірқалыпты дем алыңыз.

Тыныс алу жолдарының ақауларына байланысты бұл мүмкін болмаса, басқа өлшеу әдісін қолдану керек.

Өлшеу уақыты шамамен 30 секунд!
Тік ішекте / 36,6 - 38,0 °C
Термометрдің өлшеу датчигін ⁴ 2 – 3 сантиметрге абайлап анал тесігіне енгізіңіз.

Өлшеу уақыты шамамен 30 секунд!

Тазалау және дезинфекциялау

Үйде дезинфекциялау үшін термометр датчигінің беткі ластануын сұрту үшін 70% изопропил спиртiнiң ерiтiндiсiмен суланған тампонды немесе 70% изопропил спиртiмен суланған мақта матаны пайдаланыңыз (ескертпе: дезинфекциялау құралын қолданғанда өндiрушiнiң пайдалану нұсқауларын және қауiпсiздiк нұсқауларын оқыңыз.) Тазалауды әрқашан термометрдің соңынан бастап (шамамен термометрдің ортасымен сүртіп) термометрдің ұшына дейiн сүртiңiз. Осыдан кейiн бүкiл термометр датчигi (суреттегi ⁵-нөмiрiдi қараңыз) кем дегенде 5 минут (макс. 24 сағат) 70% изопропил спиртiне батырылуы керек. Онда батырғаннан кейiн келесi қолдану алдында дезинфекциялау құралынан1 минут кептiрiңiз. Өшiруден қорғау үшiн дисплейдi суға түсiрмеңiз немесе зарарсыздандырмаңыз.

Батареяны ауыстыру

Дисплейле «√» (төңкерілген үшбұрыш) таңбасы пайда болғанда, батареяның қуаты бітеді және оны ауыстыру керек. Батареяны ауыстыру үшін, термометрдегі батарея тұратын жердің қақпағын ³ алыңыз. Жаңа батареяның + жағын жоғары қаратып салыңыз. Ескі батарея мен жаңа батарея бірдей екенін тексеріңіз. Батареяларды электрлік құрылғылар сататын дүкеннен алуға болады.

Техникалық сипаттамалары

Түрі:	Максималды термометр
Өлшеулер диапазоны:	32,0°С бастап, 43,9 °C дейін <p>Темп. < 32,0 °C: «-- →» - төмен (өте төмен)</p> <p>Темп. > 43,9 °C: «Н» көрсетілсе (тым жоғары)</p>
Өлшеу дәлдігі:	± 0,1 °C; 34 °C - 42 °C <p>± 0,2 °C; 32,0 - 33,9 °C және 42,1 - 43,9 °C</p>
Қолдану шарттары:	10 - 40 °C; максималды салыстырмалы ылғалдық 15 - 95 %
Сақтау шарттары:	-25 - +60 °C; максималды салыстырмалы ылғалдық 15 - 95 %
Батарея:	LR41 (1.5B) / SR41 (1.55B)
Батарейдің қызмет ету мерзімі:	шамамен 4500 өлшем (жаңа батареямен)
Қауіпсіздік сыныпы:	IP22
Стандарттарға сәйкес келуі:	EN 12470-3, медициналық термометрлерASTM E1112; IEC 60601-1; IEC 60601-1-2 (EMC); IEC 60601-1-11
Күтілетін қызмет ету мерзімі:	5 жыл немесе 10000 өлшем
Жұмыс бөлімінің типі:	BF типті
Жұмыс тәртібі:	Ұзақ
Өлшемі:	129,2 (±1); 20,4(±1); 14,8(±1) мм
Салмағы:	16,5 г ±1,6 г

Аталған құрал 93/42/ЕЕС медициналық қондырғылар бойынша ЕЭС директива талаптарына сәйкес келеді.

Кепілдік

Құрылғы сатып алынған күннен бастап **5 жылдық** кепілдікпен қамтылады. Осы кепілдік кезеңі барысында Microlife ақаулы өнімді тегін жөндейді немесе ауыстырады.

Құралды бұзу немесе өзгерту кепілдің жоғалуына әкеледі.

Келесі тармақтар кепілдікпен қамтылмайды:

- Көлікпен тасымалдауға байланысты зақымдар.
- Дұрыс қолданбау немесе пайдалану жөніндегі нұсқауларды орындамау салдарынан болған зақымдар.
- Батареяның ағуынан туындаған зақымдар.
- Жазатайым оқиға немесе дұрыс пайдаланбау салдарынан болған зақымдар.
- Материалдарды және пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орау/сақтау.
- Тұрақты тексерулер және қызмет көрсету (калибрлеу).
- Тозатын керек-жарақтар мен бөлшектер: батареялар.

Егер кепілдік қызметі қажет болса, өнім сатып алынған дилерге немесе жергілікті Microlife қолдау қызметіне хабарласыңыз:
www.microlife.ru/support

Өтемақы өнімнің құнымен шектеледі. Кепілдік тауар толықтай, түпнұсқа шотпен қайтарылған жағдайла беріледі. Кепілдік бойынша жөндеу кепілдік мерзімін ұзартпайды және қайтадан қалпына келтірмейді. Тұтынушылардың заңды талаптары мен құқықтары осы кепілдікпен шектелмейді.

Техникалық реттеу және метрология жөніндегі Федералды агенттігінің өлшеу құралдарының түрін бекіту туралы куәлігі
Өндірілген күні: WWWWXXXXX

Пішімінде алғашқы екі сан – өндірілген аптасы.
Үшінші және төртінші сандар – өндірілген жылы.
Соңғы бес сан – өндірілген сериясы.
Тексеру «БРМҚЗИ».
ФМУК 06.05.2019 ж. бекітілген МИ 3555-2016 «Медициналық түйіспелі цифрлық термометрлер.
Тексеру әдістемесі» құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
Бастапқы тексеруді растау, тексеру куәлігінің электрондық нұсқасы Өлшемдердің бірлігін қамтамасыз етудің Федералдық ақпараттық қорының веб-сайтында орналасқан: www.fgjs.gost.ru
Тексеру туралы ақпарат компанияның веб-сайтында қол жетімді: www.microlife.ru
Байқау аралығы – 2 жыл

Бұйымды жөндеу мен техникалық қызмет көрсету жөніндегі мәліметтер
Өнімді жөндеуді тек клиенттерге қызмет көрсету бөлімі немесе өкілетті дилерлер жүргізуі керек. Ешбір жағдайда өнімді өзіңіз ашпаңыз немесе жөндемеңіз, себебі осыдан кейін мінсіз жұмысқа кепілдік беру мүмкін болмайды. Бұл талапты орындамау кепілдіктің күшін жоқды.

Өндіруші:
Microlife AG,
Швейцария
Мекенжайы: Espenstrasse 139,
9443 Widnau, Switzerland
Web-сайт: www.microlife.com

Өндіріс орны:ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd.,
ҚытайМекенжайы: ONBO Electronic (Shenzhen) Co., Ltd.,
No. 138, Ta Laneg Nan Road, Ta Laneg Street, Baoan District, Shenzhen, China
Web-сайт: www.microlife.com